


OMRON



CM2 орташа өлшемді манжеті (HEM-CR24-E)

OMRON қан қысымын өлшеу
құралының манжетасы



Пайдалану нұсқаулары

2 KZ

Пайдалану алдында нұсқаулықты және қолданыстағы OMRON қан қысымын өлшеу құралының нұсқаулығын орындаңыз. Анықтамалар алу үшін сақтап қойыңыз. Ерекше жағдайларда, ӨЗІҢІЗДІҢ ЕМДЕУШІ ДӘРІГЕРІҢІЗБЕН КЕҢЕСУІҢІЗ КЕРЕК.

Тағайындалуы

Тағайындалған мақсаты

Бұл манжет ересек пациенттердің қан қысымы мен тамыр соғу жиілігін өлшейтін OMRON қан қысымын өлшеу құралымен пайдалануға арналған.

Тағайындалған пациенттер

Ересек пациенттер

Тағайындалған пайдаланушылар

Осы нұсқаулықты түсіне алатын ересектер (пациенттердің өздерін қоса).

Клиникалық пайдасы

OMRON қан қысымын өлшеу құралы арқылы пациенттің қан қысымын инвазивті емес әдіспен және қарапайым үй жағдайында өлшеуге болады.

Пайдалану түрі

Бұл манжет бірнеше пациентке бірнеше рет пайдалануға арналған.

Шектеу

Пациенттің қол шеңбері 22–32 см болуы керек.

Нұсқама

Бұл құрылғы денсаулығы сау адамдардың, гипертониясы бар адамдардың, денсаулығын күтетін пациенттердің қан қысымы мен тамыр соғу жиілігін жалпы тұрмыстық жағдайда өлшеу үшін пайдаланылады.

Алу және тексеру

Манжетті қаптамадан алып, зақымдану жоқ екенін тексеріңіз. Егер манжет зақымдалған болса, ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ және жергілікті OMRON өкіліне хабарласыңыз.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды ақпарат

Қарсы көрсетілімдері

- Бұл манжетті жарақаттанған қолмен немесе медициналық ем қолданылып жатқан қолмен ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
- Егер қолыңызға көктамыр ішілік тамшылатқыш қойылған болса немесе қан құйылып жатса, манжетаны қолға пайдалануға БОЛМАЙДЫ.
- Бұл манжетті сәбилерге, бүлдіршіндерге, балаларға немесе өз ісіне жауап бере алмайтын тұлғаларға ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

Жанама әсерлері

- Өлшеуді қажет болғаннан жиі жүргізу қан ағымының бұзылуы салдарынан көгеруді тудыруы мүмкін.
- Қажетті қысымнан жоғары ауа толуы қол манжетасы қолданылатын жерде ішкі қанауға әкелуі мүмкін.
- Егер тері тітіркеніп немесе жайсыздықты сезінсеңіз, осы манжетті пайдалануды тоқтатып, дәрігермен кеңесіңіз.



Ескерту

Өлімге немесе ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін төніп тұрған қауіпті жағдайды білдіреді.

- Тұншығуды болдырмау үшін, ауа түтігін сәбилерден, бүлдіршіндерден және балалардан алыс ұстаңыз.
- Компоненттерді сәбилердің, бүлдіршіндердің және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Егер сәбилер жұтып қойса, бұл өнімнің құрамында тұншығу қатерін шақыруы мүмкін майда бөлшектері бар.



Сақтық шаралары

Ауырлығы жеңіл және орташа жарақаттарға, сондай-ақ жабдықтың немесе басқа мүліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін қауіптілігі зор жағдайды білдіреді.

- Осы OMRON қол манжетін әртүрлі OMRON қан қысымын өлшеу құралдарына жалғауға болады.
Бұл манжет ауа ұясының қасындағы манжет жапсырмасында көрсетілгендей HEM-CS24/HEM-CR24/HEM-RML31 құрылғысымен үйлесімді OMRON қан қысымын өлшеу құралдарымен ғана жұмыс істейді. Үйлесімді емес манжет пайдаланылса, клиникалық дәлдік төмендейді.
- Өлшеу барысында тығыз қонымды және қалың киімді шешіңіз.
- Қол манжетасын емделушілердің қолы манжетаның көрсетілген ауқымында болатындай етіп ҚАНА пайдаланыңыз.
- Қол манжетасын немесе ауа түтігін МАЙЫСТЫРМАҢЫЗ.
- Өлшеу үрдісінде ауа түтігін бүкпеңіз немесе МАЙЫСТЫРМАҢЫЗ. Бұл қан ағымын үзу арқылы жарақат шақыруы мүмкін.
- Ауа түтігін шығарып алу үшін, түтіктің өзінен емес, пластик ауа түтігінің негізінен тартыңыз.
- Ағымдағы өнімге пайдаланылатын тығынды тексеріңіз. Қате ашаны пайдалану ауаның шығуына және дұрыс емес мәндерге әкелуі мүмкін.


Пайдалану нұсқаулары

1 Дұрыс ауа тығынын ауа түтігіне жалғаңыз.

2 Ауа ашасын ауа ұясына салып, қол манжетасын мониторға жалғаңыз.

Ескертпе

Егер оң жақта көрсетілген кескіндегідей ауа тығының пайдаланып жатсаңыз, оны міндетті түрде ауа ұясына бекітілгенше салыңыз.




KZ


3 Қолыңызды маншета ілмегіне салыңыз. Манжетті жоғарғы сол жақ иыққа жеткенше тартыңыз.



Қол манжетасының төменгі жиегі шынтақтан ішкі жағынан 1–2 см жоғары болуы керек. Ауа түтігі қолдың ішкі жағында болуы және ол ортаңғы саусағыңызбен туралануы керек.



4 Ауа түтігі қолдың ішкі жағында орналасатынын тексеріп, манжетаны қолыңызда сырғымайтындай етіп мықтап ораңыз.



Оң қолда өлшеулер жүргізу

Ауа түтігі шынтақтың бүйірінен, қолдың төменгі жағымен өтуі керек. Қолыңызбен ауа түтігін басып қалмаңыз.

Ескерту: Оң қолдағы және сол қолдағы қан қысымы екі түрлі болуы мүмкін және оның өлшенген мәндері де әртүрлі болуы мүмкін. OMRON компаниясы қысымды үнемі бір қолдан өлшеуді ұсынады. Екі қол арасындағы мәндер айырмашылығы үлкен болса, қай қолды өлшеу керек екені туралы дәрігермен кеңесіңіз.

Профилактикалық жөндеу жұмыстары

- Кез келген жуылатын немесе тез буланатын тазартқыштарды пайдаланбау.
- Қол манжетін жұмсақ, құрғақ шүберекпен немесе әлсіз (бейтарап) жуу құралына малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан соң оны құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Қол манжетін суда жууға немесе батыруға болмайды.
- Қол манжетін бензинмен, сұйылтқыштармен немесе соған ұқсас еріткіштермен сүртуге болмайды.
- Қол манжетін температурасы, ылғалдылығы шамадан тыс, тікелей күн сәулесі, шаң немесе өк сияқты көзді ашытқыш булар бар жерлерде сақтауға болмайды.

Техникалық сипаттамалары

Өнімнің санаты	Электрондық сфигмоманометрлеріне/қан қысымын өлшеу құралдарына арналған қосымша құрылғы
Өнім сипаттамасы	Иықтың қан қысымын өлшеу құралының манжеті
Үлгісі (код)	CM2 орташа өлшемді манжеті (HEM-CR24-E)
Қол шеңбері	22-32 см
Өлшемдері	Шамамен 146 мм x 446 мм
Манжета қысымының ауқымы	0-299 мм сын. бағ.
Дәлдігі	±3 мм сын. бағ.
Жұмыс шарттары	+10°C – +40°C / 15 – 90 % салыстырмалы ылғалдылық (конденсациясыз) / 700 – 1060 гПа
Сақтау/Тасымалдау шарттары	-20°C – +60°C / 10 – 95% салыстырмалы ылғалдылық (конденсациясыз)
Салмағы	126 г-нан көп емес
Жеткізілген қораптағы заттар жиынтығы	Манжет, пайдалану нұсқаулығы, ауа тығындары
Жарамдылық мерзімі (қызмет көрсету мерзімі)	5 жыл немесе 10 000 рет пайдаланғанға дейін.
Кепілдік	1 жыл

OMRON компаниясының бұл бұйымы OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. (ЖАПОНИЯ) компаниясының қатаң сапа бақылауы жүйесін қолдану жағдайларында дайындалған.

Таңбалар сипаттамасы

	CE белгісі		UKCA белгісі
	Бірегей құрылғы идентификаторы		Медициналық құрылғы
	Температура шектеуі		Ылғалдылық шектеуі
	Ауа қысымы шектеуі		Құрылғыға үйлесімді манжеталардың идентификаторы
	Артерия белгісі	LATEX FREE	Табиғи каучукті латекстен жасалмаған
	Қол шеңбері		Пайдаланушы өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықты толық орындауы тиіс (фон: көк).
	Өндірілген күні		Қайта өңдеу белгісі X: материал нөмірі Y: материал аббревиатурасы Қосымша ақпаратты 97/129/ЕС бөлімінен қараңыз.
	Сол қолға арналған манжета орналасатын индикатор	INDEX 	Ауқым көрсеткіші және иық артериясын реттеу орны
REF	Анықтамалық каталог нөмірі	LOT	Топтама нөмірі
	Дұрыс манжета өлшемін таңдауға көмектесуге арналған қол шеңберлерінің ауқым индикаторы		
		Қаптама элементтерін қайта өңдеу жөніндегі нұсқаулық	
	TECHNOLOGY BY OMRON HEALTHCARE IN JAPAN	Жапониядағы OMRON Healthcare технологиясы	

Өнімге байланысты жоғарыдағы кейбір таңбалар өнімге қолданылмауы мүмкін.

Осы құрылғымен болған кез келген күрделі оқиға туралы өндірушіге және сіз орналасқан мүшеліктегі мемлекеттің уәкілетті органына хабарлаңыз.

Бұл манжетті ҮЙЛЕСІМДІ үлгілер ретінде көрсетілгендерден басқа қан қысымын өлшеу құралдарымен пайдалануға БОЛМАЙДЫ.

<p>Өндіруші</p> 	<p>OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. 53, Kunotsubo, Terado-cho, Muko, KYOTO, 617-0002 ЖАПОНИЯ</p>			
<p>ЕО-дағы өкілдігі</p> <table border="1" data-bbox="63 219 177 256"> <tr> <td>EC</td> <td>REP</td> </tr> </table>	EC	REP	<p>OMRON HEALTHCARE EUROPE B.V. Wegalaan 73, 2132 JD Hoofddorp, НИДЕРЛАНДЫ www.omron-healthcare.com</p>	
EC	REP			
<p>ЕО-қа импорттаушы</p>				
<p>Өндірістік бөлімшесі</p>	<p>OMRON DALIAN Co., Ltd. No. 3, Song Jiang Road, Economic and Technical Development Zone, Dalian, 116600 Liaoning Қытай Х.Р.</p>			
<p>Филиалдары</p>	<p>Құрама Корольдіктегі импортер және Құрама Корольдіктегі жауапты тұлға</p>	<p>OMRON HEALTHCARE UK LTD. Opal Drive, Fox Milne, Milton Keynes, MK15 0DG, UK www.omron-healthcare.com/distributors</p>		
	<p>OMRON MEDIZINTECHNIK HANDELSGESELLSCHAFT mbH / OMRON SANTÉ FRANCE SAS www.omron-healthcare.com/distributors</p>			

Қытайда жасалған